



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-153-4-104-116>

ХҒТАР 16.21.47

Ғылыми мақала

Б.С. Жонкешов¹, Е.С. Қасенов²

¹ Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ¹zhon_bs79@mail.ru, ²Kasenov_erlan@mail.ru)

ҒЫЛЫМДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР: ЭКСПРЕССИВТІ СӨЗДЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫНДАҒЫ СИНЕРГЕТИКА ТЕОРИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Бұл мақалада тіл білімінің өзекті мәселелерін шешудің теориялық негізі ретінде қарастырылатын ғылымдағы интеграция құбылысына шолу жасалды. Осы күнге дейінгі жарық көрген ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасай отырып, авторлар интеграция ұғымы дегеніміз не, оның эмоционалды-экспрессивті лексиканы қалыптастырудағы рөлі қандай, синергетика теориясының нәтижесінде эмоционалды-экспрессивті мағына тудыратын қандай модельдер пайда болды деген сұрақтарға жауап іздеуге тырысады. Авторлар эмоционалды-экспрессивті сөздердің жасалуын бірнеше ғылымдардың, атап айтқанда, фонетика мен семантиканың, морфология мен эмоцияның, образдылық пен бағаның интеграциялануы нәтижесінде пайда болатындығын дәлелдеуге тырысады. Сонымен бірге синергетика ұғымдарына (бифуркация, флуктуация, аттрактор, хаос) анықтама бере отырып, хаосты экспрессивті мағыналар мен экспрессивті құрылымдар жасайтын, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде қарастыруды ұсынады. Қазіргі қазақ тіліндегі эмоционалды-экспрессивті бірліктер бір кездері хаос болғандығын, уақыт өте келе хаостан аттракторға айналғандығын, нәтижесінде тілімізде эмоционалды-экспрессивті модельдер қалыптасқандығын қазақ тілінен нақты мысалдар келтіре отырып дәлелдеуге тырысады. Мақала лингвистика, әдебиет, психология, философия, когнитология және т.б. ғылым салаларына қызығушылық танытып жүрген магистрант, докторанттарға, сондай-ақ, осы ғылым салаларында зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдарға арналады.

Түйін сөздер: эмоция, экспрессив сөздер, интеграция, синергетика, хаос, флуктуация, метафора.

Түсті: 29.09.2025; Жөнделді: 21.11.2025; Мақұлданды: 20.12.2025; Онлайн қолжетімді: 29.12.2025

Кіріспе

Қазіргі тіл білімі күн санап өзгеріп жатқан жаһандық трансформацияларға бейімделуге мәжбүр. Технологиялық өзгерістің салдары жаңа сипаттағы, белгісіз коммуникативті кеңістіктің қалыптасуына ықпал етті. Осыған байланысты бұрын бір бағытта ғана жеке арнайы зерттеу жүргізетін дербес ғылым салалары, атап айтқанда философия, психология, когнитология, лингвистика және т.б. бүгінгі таңда әртүрлі салалардың тоғысында зерттеу нысанына айналып келеді.

Қазіргі тіл білімі бұл мәселелерді түбегейлі шешпесе де, ненің не екенін түсінуге өз септігін тигізіп отыр. Шын мәнінде, бұл мақала тіл білімі ғылымындағы қатып қалған қағидалар мен дәстүрлі стереотиптерге қарсы бағытталған. Ертеректе тіл білімі «тілдің өзін және өзі үшін» зерттейтін, яғни тілдің құрылымын, бірліктерінің жүйелік байланысы мен қызметін зерттейтін қатардағы гуманитарлық ғылым болса, қазір Е.С. Кубрякова айтқан панлингвистика дәуірі орнады. Енді тіл білімінің көмегінсіз мидың, сананың, адамның рухани тіршілік иесі ретіндегі мәселелерін шешу мүмкін емес. Сонымен қатар тіл өзін-өзі ұйымдастыратын, өзін-өзі белгілейтін динамикалық жүйе екені белгілі болды. Бұл жүйені реттеу мүмкін емес, оны тек бақылауға, тіркеуге және сипаттауға болады. Сана креативті сипатқа ие және оның қызметі әсер ету болғандықтан, бақылау әрекеті жасампаздық әрекетке айналады (Брейден, 2017). Қазақ тіліндегі адам эмоциясымен байланысты эмоционалды-экспрессивті сөздерді де осы сипатта қарау бүгін де өзектілік сипатқа ие. Себебі эмоционалды-экспрессивті бірліктерді тек қана грамматикалық зерттеу аясында қарастыру оның табиғатын толықтай ашады деп ойлай алмаймыз.

Тіл тек мәдениетпен ғана емес, сонымен бірге адамның рухани әлемімен, оның ойлауымен және санасымен де тығыз байланысты. Егер бұл байланыс бірінші орынға қойылса, онда тілдің әртүрлі мәселелерін басқа қырынан қарастыруға болады. Мысалға тілді жеке тұлғаны қабылдау, түсіну, эмоция, есте сақтау, әлеуметтік құрылымдар, танымдық процестер сияқты өзге аспектілерімен өзара байланыста қарастыра отырып, кешенді ғылым қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Мақаланың **мақсаты** – ғылымдағы интеграция құбылысын теориялық тұрғыдан зерделеу және экспрессивті сөздердің пайда болуындағы ретсіздіктердің орын алуы, оны реттеудегі синергетика құбылысының рөлі сияқты мәселелерді шешуде дәстүр мен жаңа идеялардың арақатынасын, соның ішінде тіл мен адамның менталитетінің тереңде жатқан негіздерінің ерекшеліктерін, ақиқатты білдіру құралы ретінде тілдің ерекшеліктерін анықтау; тіл және ұлттық сипат, тіл және менталдылық және т.б.

Міндеттері:

- синергетиканың негізгі ұғымдарына (флуктуация, бифуркация, аттрактор, өзін-өзі ұйымдастыру, хаос-тәртіп) шолу жасау;
- экспрессивті сөздердің тілдік жүйедегі флуктуация ретіндегі орнын көрсету;
- экспрессивті сөздердің пайда болуындағы өзін-өзі ұйымдастыру процесін талдау;
- тілдік жүйені зерттеудегі интеграция әдісінің рөлін көрсету;
- қазақ тілінен нақты мысалдар келтіре отырып, синергетикалық құбылыстар мен интеграциялық тәсілдің көрінісін дәлелдеу.

Зерттеу нысаны мен пәні:

Нысаны: Қазақ тіліндегі экспрессивті сөздер.

Пәні: Экспрессивті сөздердің пайда болуындағы синергетикалық заңдылықтар мен механизмдер және оларды зерттеудегі интеграциялық тәсілдің мүмкіндіктері.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Лингвистика, басқа гуманитарлық ғылымдар сияқты, өзінің зерттеу парадигмаларын (ғылыми мәселелерді шешу үлгілері, яғни іргелі теория мен оған сәйкес зерттеу әдістерінің жиынтығы) өзгертті. Р.Г. Пиотровскийдің көрсетуінше, синергетикалық деп аталатын жаңа парадигманың мәні «тікелей бақылаудан жасырылған өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі дамыту механизмдерін тіл мен сөйлеу жүйелерін іздеуден тұрады». Солардың бірі – синергетикалық лингвистика. Автордың пікірінше, дәстүрлі тіл білімі бір ғасырдан астам уақыт бойы синергетикалық идеяны көтеріп келеді және оның эпистемиологиясы мен зерттеу әдістерін қабылдауға дайын. Лингвосинергетикалық құбылыс терең түсінуді қажет ететін құбылыстар қатарына жатады. Сондықтан бұл ғылымды зерттеудің негізгі әдісі эксперименттік ғылымдар үшін ортақ схемаға негізделген әртүрлі сипаттағы тәжірибелердің кең жиынтығымен біріктірілген модельдер мен гипотезалар әдісі болып табылады. Лингвистикалық синергетиканың негізгі идеясы мен тәсілдері «синергетикалық лингвистика» термині шықпай тұрып-ақ Р.Г.Пиотровскийдің көптеген еңбектерінде көрініс тапқан. Атап айтқанда, «Роман тілінің артикльдерінің қалыптасуы» атты іргелі зерттеуінде, «Инженерлік лингвистика», «Тілді ақпараттық өлшеу негізінде фонологиялық жүйені модельдеу» (Пиотровский, О лингвистической синергетике, 1996), (Пиотровский, Синергетика текста, 2005), (Пиотровский, Лингвистическая синергетика: исходные положения, первые результаты, перспективы., 2006), (Пиотровский, Порядок и хаос в словообразовании, 1995), (Пиотровский, Задачи лингвистической синергетики, 2003) және т.б. еңбектерінен байқауға болады.

Әдебиеттерге шолу

Жалпы синергетика сөзі грек тілінен аударғанда synergos – «бірлескен немесе кооперативті әрекет» деген мағынаны береді. Бұл атауды 100 жылдан астам уақыт бұрын алғаш рет ағылшын физиологы Шеррингтон ғылыми айналымға енгізген еді (Современная западная философия: словарь, 1998). Синергетика ХХ ғ. 70-ші жылдарының басында пайда болған ғылым. Қандай да бір ретсіз жүйенің (физикалық, химиялық, биологиялық, техникалық, экономикалық, әлеуметтік) жекелеген бөліктерінің бірлескен әрекеттерінің заңдылықтары осы синергетика аясында зерттелді. Соның нәтижесінде өзін-өзі ұйымдастыру, яғни күрделі сызықтық емес жүйелерде макроскопиялық реттелген кеңістіктік-уақыттық құрылымдар пайда болды. Бұл кезең көбінесе бейберекетсіздіктен тәртіптің пайда болуы ретінде сипатталады. Сонымен қатар детерминистік және стохастикалық (кездейсоқ) процестер қарастырылады. Реттелген күйден бейберекетсіздікке айналу секілді кері құбылыс та зерттелді (Современная западная философия: словарь, 1998). Синергетика терминіне объектілердің (элементтердің, ішкі жүйелердің) қалыптасуы мен жаппай (ұжымдық) өзара әрекеттесу процестерін зерттейтін ғылыми бағыт деген анықтама беруге болады. Синергетиканың негізгі ерекшеліктері мыналар:

- 1) тұрақсыз жағдайларда ашық жүйелерде болып жатқан өзгерістер;
- 2) ішкі жүйелердің жүйемен және қоршаған орта жүйесімен қарқынды зат және энергия алмасуы;
- 3) объектілердің (ішкі жүйелердің) өзара іс-қимылымен үйлесетін мінез-құлқының өзіндік ерекшелігімен (сырттан қатаң детерминацияның болмауымен) сипатталады;
- 4) жүйелердің реттілігі, өзін-өзі ұйымдастыру, сондай-ақ эволюция нәтижелері (Прядин, 2011).

Жалпы, күні бүгінге дейін «синергетика» ұғымына берілген нақты анықтама жоқ. Синергетика күрделі ғылым, өзін-өзі ұйымдастыру туралы ілім, тұрақсыздық кезеңдерінде күйлердің күрт өзгеруіне ұшырайтын күрделі динамикалық жүйелер эволюциясының әмбебап заңдылықтары деп түсінеміз. Басқаша айтқанда, бұл табиғат пен қоғамдағы өзін-өзі ұйымдастыру процестері туралы ғылым.

Синергетиканың аналогтары – апаттар теориясы, диссипативті құрылымдар теориясы, тепе-тең емес ашық жүйелер, хаосология, өзін-өзі ұйымдастыру тұжырымдамасы. Синергетиканың негізгі ұғымдарының бірі – бифуркация.

Бифуркация – латын тіліндегі «bifurcus» (екі тісті, айыр) деген сөз. Күнделікті өмірде, өндірістік немесе қоғамдық жұмыстарда әр адам минут сайын таңдау жасау жағдайына тап болады. Мәселені шешуді таңдау өз мақсатына жету ерекшеліктерін белгілейді. Бифуркация жүйенің тұрақсыз күйін білдіреді. Сонымен қатар әртүрлі бифуркациялар тұрақсыздық түрлерін тудырады.

Бифуркация шешімдердің тармақталуын білдіреді. Бифуркация туралы түсінік әлем халықтарының мифтерінде бұрыннан бар. Адам өміріндегі бифуркацияның көрінісі – адамның болашақ тағдырын анықтайтын жолды таңдау. Негізгі тұрақсыздық күйі термодинамика шеңберінде бифуркация нүктесіне жақын күй ретінде сипатталады. Бифуркация нүктесінен өткеннен кейін жүйе даму жолын өзі таңдайды, оны басқару мүмкін емес (Князева & Курдюмов, 1993).

Синергетиканың келесі ұғымдарының бірі – флуктуация. Латын тілінің «fluctuatio» (тербелу) сөзі көптеген бөлшектер жүйесін сипаттайтын шама құрылымның орташа күйінен кездейсоқ ауытқуы мағынасында қолданылады. Бұл жүйенің әрі қарайғы эволюциясы жүретін тармақты таңдауға мәжбүр ететін тербеліс. Түптеп келгенде, флуктуацияның күшеюі өзіне ұқсас (фракталдық) қасиеті бар және жаңа макроқұрылымға айналатын жаңа динамикалық микроқұрылымның пайда болуына әкелуі мүмкін. Қоршаған әлемде фракталдық құрылымдар жиі кездеседі, мысалы, құстардың қауырсындары, шырша табандары, жағалау сызығы. Голограмма өзіне ұқсас қасиетке ие: оның әрбір кішкене бөлігі бүкіл голограммада түсірілген заттың бейнесін бере алады (Современный словарь иностранных слов, 2001).

Синергетика үшін тұрақсыз күйлер маңызды процестердің бірі болып табылады. Себебі тұрақсыздықтың пайда болуы жүйенің жаңа сапалы күйге, жүйе сипатының жаңа түріне жауап беретін жаңа режимге өту мүмкіндігін білдіреді. Мұндай жағдайларда кездейсоқ флуктуациялар өте маңызды. Жүйенің тұрақсыздық күйінен шығу мүмкіндігінің траекториялары флуктуациялардың шамасы мен бағытына байланысты. Флуктуация жүйені даму траекториясын таңдауға «итермелейтін» кездейсоқ сыртқы әсерлер арқылы күшеюі мүмкін. Бұл әдіс көбінесе әлеуметтік, экономикалық, педагогикалық, экологиялық, технологиялық және басқа жүйелерді басқару үшін қолданылады. Микродеңгейдегі ұйымдастырылмау және кездейсоқтық жүйенің макродеңгейдегі күйін реттейтін және оның элементтерін тұрақты бір бүтінге біріктіретін жасампаз күш ретінде әрекет етеді. Тәртіп пен тәртіпсіздік, ұйымдастыру және ұйымдаспау диалектикалық бірлікте әрекет етеді, олардың өзара әрекеттесуі жүйенің өзін-өзі дамытуына ықпал етеді.

Синергетиканың келесі ұғымдарының бірі – аттрактор (ағылш. Attraction – тарту, to attract (ағылш.) – тарту; лат. Attrahere – тарту). Флуктуациялар бейберекетсіз пайда болады, бірақ олардың саны көп болса да, тек жаңа құрылымды құрайтындар ғана қалады. Басқаша айтқанда, жүйені құрайтын көптеген сызықтық емес элементтердің

жиынтығы арнайы құрылымдарды – аттракторларды қалыптастырады, зерттеуші үшін бұл «эволюция мақсаттары» ретінде әрекет етеді.

Синергетикадағы аттракторлар жүйенің салыстырмалы түрде тұрақты күйін білдіреді, ол әртүрлі бастапқы шарттармен анықталған жүйенің көптеген «траекторияларын» өзіне тартады.

Аттракторлардың тілі болжамдылық пен түбегейлі болжамсыздық құбылыстарын, біздің зерттеу мүмкіндіктеріміздің шексіздігіне және сызықтық емес жүйелердің табиғатына байланысты жүйелердің ықтималды, бейберекет сипатын түсінуге мүмкіндік береді.

Қарапайым және оғаш аттракторлар бар. Нақтырақ айтсақ, қарапайым аттрактор – бұл тәртіпке тартылатын («ұмтылатын») шекті күй, ал оғаш аттракторлар – бейберекетсіздікке тартылатын шекті күй деп айтуға болады. Болашақ күй ретінде аттрактор құрылымдарды берілген сызықтық емес ортаның қасиеттерін алдын ала белгілеп қояды (Малинецкий, 1996).

«Аттрактор» ұғымы «мақсат» деген ұғыммен мәндес. Аттрактор параметрлердің әртүрлі бастапқы мәндерімен анықталған жүйенің көптеген траекторияларын өзіне тартады. Егер тұрақсыз микроқұрылым аттрактор конусына түссе, онда ол сөзсіз тұрақты күйге айналады. Қандай да бір себептермен жүйе қайтадан тұрақсыз күйге келгенге дейін дәл сол қалпында сақталуы мүмкін.

Синергетиканың келесі ұғымдарының бірі – бейберекетсіздік. «Бейберекетсіздік» категориясы соңғы кездері жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдарға байланысты жиі қолданылады. Дегенмен, «хаосология» ұғымы синергетиканың бір бағыты ретінде екі мағына тудырады. М.Берридің айтуынша, «қазіргі кезде бұл ұғымды теология саласы тұрғысынан зерттеу тоқтатылып, кванттық физика тұрғысынан «детерминистік хаосты зерттеу саласы» ретінде қарастырыла бастады. Басқаша айтқанда, қажеттілік пен кездейсоқтықтың философиялық мәселелері түйіскен ғылыми білім саласы туралы зерттеу нысаны болып отыр» (Князева & Курдюмов, 1993).

Талқылау

Синергетика табиғаты бойынша интегративті ғылым болып табылады. Оның принциптерін тіл білімінде қолдану әртүрлі салалардағы білім мен әдістерді біріктіруді талап етеді. Атап айтқанда, лингвистика (тілдік құрылымдар мен құбылыстарды зерттеу), әлеуметтану (тілге әсер ететін әлеуметтік факторларды талдау (мысалы, белгілі бір топтарда жаргонның таралуы)), психология/когнитивистика (адамның ойлау, қабылдау және тілді қолдану үдерістерін түсіну), математика және жүйелер теориясы (тілдік өзгерістер динамикасын модельдеу, тіл бірліктерінің жиілігі мен таралуын талдау).

Интегративтілік В. Гумбольдт, Э. Бенвенист, Э. Сепир сияқты ғалымдардың еңбектерінде зерттеу принципі ретінде негізге алынды. XX ғасырдың екінші жартысында К. Леви-Стросстың еңбегі жарыққа шықты. Интеграцияның нәтижесінде социолингвистика (XX ғасырдың 20-шы жылдары), психолингвистика (XX ғасырдың 50-ші жылдары), компьютерлік лингвистика, юрислингвистика (XXI ғасыр) сияқты салалар пайда болды.

Интегративтілік деген терминге мағынасы жақын бірқатар терминдер бар, мәселен, пәнаралық, полидисциплинарлық, трансдисциплинарлық және т.б. Кейбір ғалымдар олардың аражігін ажыратып жатады (И.В. Измаилов, А.П. Киященко), бірақ біз бұл терминдерді синоним ретінде қолданамыз, өйткені әр термин әлемге деген біртұтас көзқарасты көрсетеді, әрқайсысы интеграцияланған білімді білдіреді.

Интегративті процестер өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап лингвистиканың негізгі қағидатына айналған антропоэкетілік идеясына негізделді. Пәнаралық бағыт ғылыми зерттеу идеологиясы ретінде зерттеушілердің құралына айналды. Бұл аты әлемге әйгілі лингвистердің еңбектеріне ғана емес (Вежбицкая 1996), сонымен қатар аймақтық ғылым өкілдерінің зерттеулеріне (Жаналина, Фот 2016 және т.б.) де қатысты.

Интегративті тәсіл тілдік сананың жеке бөліктерін, коммуникативті, мәдени, әлеуметтік құрамдас бөліктерді ескере отырып, дискурстық кеңістікті қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар әрбір ғылым саласындағы білімнің қордалануы түрлі ғылымдардың идеяларын жинақтау арқылы іске асады, бұл зерттеу мәселелерінің кеңеюіне әкеледі. Интегративті тәсіл болмаса, тіл, мәдениет, сананы қамтитын күрделі құбылыстарды зерттеу мүмкін емес. Ол ХХІ ғасырдағы бүкіл ғылымның маңызды дүниетанымдық бағытына айналып келеді. Е.В. Падучева атап өткендей, лингвистикалық зерттеулерді ғана емес, сөйлеу актілері теориясын, референция теориясын, жалпы прагматиканы қамтыған қазіргі тіл білімі бұрындары тіл білімінің шеңберінен тыс қарастырылған мағыналарды талдау тетігіне ие (Падучева, 1995). Сонымен қатар лингвистика коммуникацияның барлық теориясын, түсіну теориясын, мәтінді қабылдау теориясын, жанрлар теориясын және т.б. қамтиды. Тілдегі адам туралы және адамдағы тіл туралы барлық білім (академик Б.А. Серебренниковтың терминдері) лингвистиканың қызығушылық саласына енді. Бұл антропология, мәдениеттану, әлеуметтану ғана емес, сонымен қатар микробиология, генетика, нейроғылымдар, тіпті кванттық механика. Мұндай интеграцияның нәтижесі ретінде нейролингвистикалық бағдарламалауды атауға болды. Аталмыш ғылым «тілдің психикалық процестерді және жүйке жүйесінің басқа қызметтерін бағдарламалауға әсер ету мәселесімен» айналысады (Дилтс, 2019). Сондықтан сабақтас ғылымдарға ден қою қажет.

Интегративтілік көлемі, деңгейі, жалпы бағыты әртүрлі жұмыстарда жүзеге асады. Интегративтілік біртіндеп барлық ғылыми білімнің жетекші дүниетанымдық идеясына айналады. Кибернетика, синергетика, триангуляция теориясы, когнитивистика, трансфер теориясы пайда болды. Мінез-құлық үлгілерін қамтитын қарым-қатынастың белсенді және полилогтық сипаты да интегративті жолмен жасалған. Интегративті тәсіл арқылы мәтіннің жалпы дискурстық сипаттамалары анықталады, тіптен бүкіл дискурстық талдау интегративті жолмен жүзеге асады (Понтон & Ларина, 2017). Түптеп келгенде, ғалымдар дәстүрлі ғылымдар арасындағы шегараның жойылғанын қабылдап қана қоймай, осы процестерді құптауларына тура келеді.

Дәл осы интеграция экспрессивті сөздердің пайда болуы мен даму механизмдерінің ең толық және терең бейнесін ашуға мүмкіндік береді деп болжам жасаймыз. Оларды оқшауланған құбылыстар ретінде емес, тіл жүйесі элементтері мен оның қоршаған ортасының күрделі өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қарастырады.

Синергетика тілді тірі, өзін-өзі дамытатын жүйе ретінде түсінуге арналған қуатты құралдарды ұсынады. Тербеліс, бифуркация, аттрактор принциптері, сондай-ақ хаос пен тәртіптің өзара байланысы интегративті тәсілмен бірге кездейсоқ болып көрінетін тілдік инновациялардан (мысалы, жаңа экспрессивті сөздердің пайда болуы) тілді және оның экспрессивті мүмкіндіктерін байытатын жаңа тұрақты тілдік норманың қалай пайда болатынын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Синергетика, жалпы мағынада, бірнеше факторлардың бірлескен әрекеті болып табылады, оның әсері олардың жеке нәтижелерінің қарапайым қосындысынан асып

түседі. Тіл контекстінде синергетикалық механизмдер жаңа сөздердің пайда болуына ғана емес, ерекше семантикалық және эмоционалды тереңдікке ие болуына мүмкіндік береді. Бұл бірнеше деңгейлердің өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асады:

Фоносемантика – жеке дыбыстардың мәндерін қосу арқылы қандай да бір эмоциялық әсер тудыруға болады. Бұл жерде экспрессивтілік мағына дыбыс пен мағынаның интеграциялануының нәтижесінде пайда болып тұр. Мысалы, көмеймен айтылатын дыбыстардың жағымсыз мағына беруі, керісінше ашық дыбыстардың көбінесе жағымды мағына иеленуі.

Морфемалық деңгей – кейбір қосымшалар эмоциялық мағына тудырады. Мұнда экспрессивтілік мағына морфологиялық категория мен лексикалық категорияның әрекеттесуі негізінде жасалған. Мысалға, *пайдақор, әзілкеш, ботақан* және т.б.

Семантикалық деңгей – экспрессивті сөздер көбінесе метафоралану және метонимия арқылы қалыптасады, мұнда сөздердің мағыналары бір объектіден екіншісіне ауысады. Мысалы, «*түлкі*» сөзі жануарды ғана емес, айлакер адамды да білдіруі мүмкін.

Интеграциялық тәсіл экспрессивті сөздердің қалыптасуын формасы (дыбысы, морфологиясы) мен мазмұны (мағынасы, эмоциясы) бір-бірімен тығыз байланысты болатын тұтас процесс ретінде қарастырады. Бұл қарапайым қосу емес, жаңа сапаны тудыратын синтез.

Мысалы, жоғарыда көрсеткендей дыбыс пен мағынаның интеграциясы. «*Сығу*» сөзін естігенде, оның қатаң дауыссыз және қысаң дауысты дыбыстармен дыбысталуы жеке тұрғанның өзінде жағымсыз реңк тудырады. Бұл дыбыстық экспрессия жай ғана белгілі бір нәрселерден қысу процесі арқылы сұйықтықтан арылтуды емес, сөлін шығаруды сипаттайтын мағынасымен күшейтіледі.

Морфология мен эмоцияның интеграциясы. «*Құлынишақ*» немесе «*ботақан*» сияқты сөздер белгілі бір түбірлік морфемалар мен жұрнақтарды қолданады. Олар бірге қолданыла отырып, еркелету мағынасын беріп тұр. Бұл жерде морфологиялық белгілердің жалпы мағынамен үйлесуі, жаңа экспрессивтілік мағынаға ие болады.

Образдылық пен бағаның интеграциясы. Интеграциялық тәсіл әсіресе идиомалар мен тұрақты тіркестерде айқын көрінеді. Мысалы, «*суға түскен тауықтай*» деген тіркесті алсақ, мұнда кескінді (суға түскен тауық) бағалау мағынасымен (шарасыз, үрпиген адам) біріктіру арқылы экспрессивтілік реңк туындап тұр. Сондай-ақ *салы суға кету, ұнжырғасы түсу, шарасыз күй* және т.б. тұрақты сөз тіркестері осы модельдер арқылы қалыптасқан деп болжаймыз.

Зерттеу нәтижелері

Экспрессивті сөздердің қалыптасуы – синергетикалық механизмдер (фоносемантика, морфология және семантиканың өзара әрекеттесуі) және интеграциялық тәсіл (форма мен мазмұн синтезі) шешуші рөл атқаратын шығармашылық процесс. Осы сипаттағы модельдер арқылы жасалған бірліктер жай ғана ақпаратты жеткізіп қоймайды, сонымен бірге адресанттың адресатқа деген эмоциялық күйін де бірге береді. Бұл процестерді зерттеу тілдің әлемді қабылдауды қалай көрсететінін және қалыптастыратынын тереңірек түсінуге көмектеседі деген ойдамыз. Біз мақаламыздың көлемін ескере отырып, тек семантикалық жолмен жасалған экспрессивті сөздерге синергетикалық тұрғыдан талдау жасамақпыз.

Тілімізде «*Ұрғанына титтей міз баққан да, қалт еткен де жоқ. Бұның бәрін көріп отырған Сүйіндік Байсалға күбір етіп:*

- *Жаным-ау, қасқыр бала мынау ғой! – деді»* (Абай жолы); *«Құнанбайға бұлардың ішінен қырандай қарап отырған – дәл төрдегі Байсал»* (Абай жолы) сөйлемдеріндегідей сөз қолданыстары бар. Қарамен белгіленген сөздер семантикалық жолмен экспрессивтілік мағынаға ие болған бірліктер. Дәстүрлі түрде аталмыш сөз қолданыстарды төмендегідей түсіндіреді. Сөзде номинативтік қасиетпен бірге, қосымша экспрессивті-эмоционалды қасиет те орын алу нәтижесінде жасалады. Денотатқа қосымша коннотаттық мағына үстелінеді. Сөйлеуші сөздің номинативтік қасиеттерін (денотат) негізге ала отырып оған өзінің эмоционалды бағасын береді. Н.А.Лукиянова барлық экспрессивті мағыналар денотаттық мағынаның даму кезінде солғындауынан пайда болған бірліктер деп көрсетеді (Лукиянова, 1979). Десек те синергетикалық жолмен қарастырсақ, мұндай сөздерде денотаттық мағына не себепті солғындайды, коннотаттық мағынаға ие болуының басты себебі неде және т.б. түрлі сұрақтар төңірегінде ой қозғауды қажет етеді. Енді осы сұрақтарға синергетикалық талдаулар арқылы жауап беруге тырысайық.

Бастапқыда, «қасқыр, қыран» сөздері тек нақты бір жануарды немесе жыртқыш құсты білдірген. Алайда осы сөздердің жаңа, ауыспалы мағынада «*мықты, қайсар, батыл адам*» мағынасында қолданылуы келесідей **флуктуация** (яғни хаостың көрінісі) болып табылады (бұл жерде хаос – тіл жүйесіндегі **көпмағыналылық, тұрақсыздық, жаңашылдық** немесе **нормадан ауытқу** ретінде түсініледі). Ең алдымен **мағынаның кеңею** процесі орын алған. Сөз өзінің бастапқы, тура мағынасынан (жыртқыш аң немесе құс) ауытқып, жаңа, метафоралық мағынаға ие болды. Оны тілдік нормадағы бірден-бір өзгеріс немесе «тұрақсыздық» деп атауға болады. Бұл өзгеріс **шығармашылық ауытқу** негізінде пайда болған. Жаңа мағынаға ие болған қандайда бір сөзді бір немесе бірнеше сөйлеуші жаңа контексте, мағынада, тілдік нормадан ауытқытып қолданған. Бастапқы кезде кездейсоқ немесе жеке қолданыс сияқты болып көрінгенімен уақыт өте келе нормаға айналған. Синергетикада нормаға айналғанға дейінгі процесті **белгісіздік кезеңі** деп атайды. Себебі алғашында бұл жаңа қолданыстың тілде қалыптасып кететіні немесе жалпы қолданысқа ие болмайтыны белгісіз болды. Яғни тілде тәртіпсіздік (хаос) орнады.

Осыдан кейін хаостан тәртіпке қарайғы процесс жүреді:

1. Жаңа, ауыспалы мағынадағы қолданыстар тыңдаушыларға түсінікті болып, олардың «*мықты, қайсар, батыл*» ұғымдарын дәл жеткізе алатын болса, ол қоғамда (тілдік қауымдастықта) резонанс тудырады. Адамдар бұл теңеуді қайталап, қолдана бастайды. Тілдің өзін-өзі ұйымдастыру механизмі арқылы флуктуация күшейіп, кеңінен таралады. Ол синергетикадағы **резонанс және таралу (өзін-өзі ұйымдастыру)** құбылыстарына тең келеді.

2. Егер аталмыш қолданыс белгілі бір уақытта жеткілікті түрде жиі қолданылып, кең тараса, тіл жүйесі үшін бұл **бифуркация нүктесі** болады. Яғни, сөздің жаңа мағынасы тілге сіңіп, тұрақты элементке айнала ма, әлде қолданыстан шығып қала ма деген шешуші сәт қалыптасады.

3. Уақыт өте келе «қасқыр, қыран» сөзіндерінің «*мықты, қайсар, батыл*» деген мағынасы кеңінен қабылданып, тілде тұрақталып, тілдің лексикалық жүйесіндегі **аттракторға** айналды деп болжам жасауға болады. Бұл жаңа тәртіптің – сөздің көпмағыналылық қатарына жаңа мағынаның енуінің көрінісі. Осы мағына енді тілдің бір бөлігі болып, жиі және орынды қолданылатын болды. Яғни тіл өзін-өзі реттей отырып, тілдік жүйеге семантикалық тәсілді енгізді. Нәтижесінде сөзжасам жүйесінде метафора деген тілдік модель пайда болды. Тілді қолданушылар ендігі кезекте осы тәсіл арқылы жаңадан сөз,

нақтырақ айтсақ, мағына жасай бастады. Қазіргі кездегі теңеудің нәтижесі ретінде көрсетіп жүрген экспрессивті мағынадағы сөздеріміз осы синергетика құбылысының нәтижесі деп сеніммен айта аламыз.

Қорытынды

Бір мәселені зерттейтін әртүрлі ғылымдар арасындағы ақпарат алмасуына тыйым салынбаған жағдайда жаңа білім пайда болады. Алынған ақпарат көлемі қосымша мәселелерді шешуге мүмкіндік беретіндей болуы мүмкін. Бұған мысал ретінде математика, информатика, логика, философия, психология, антропология, лингвистика және басқа да ғылыми бағыттарды біріктіретін когнитивті лингвистиканы келтіруге болады. Интеграцияның нәтижесінде лингвистер үшін күтпеген жерден жалпы әлемнің және креативті тұлғаның тілдік бейнесі (лингвоперсонология, лингвистикалық типтер және т.б.) секілді зерттеу саласы пайда болды. Яғни экспрессивті лексиканы тек лингвистикалық тұрғыдан емес психология мен лингвистиканың тоғысында қарау көптеген тілдік құпиялардың сырын ашады. Осының нәтижесінде синергетика құбылысы тілді тірі, өзін-өзі дамытатын жүйе ретінде түсінуге арналған қуатты құралдарды ұсынады. Тербеліс, бифуркация, аттрактор принциптері, сондай-ақ хаос пен тәртіптің өзара байланысы интегративті тәсілмен бірге кездейсоқ болып көрінетін тілдік инновациялардан (мысалы, жаңа экспрессивті сөздердің пайда болуы) тілді және оның экспрессивті мүмкіндіктерін байытатын жаңа тұрақты тілдік норманың қалай пайда болатынын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Мысалға «қасқыр, қыран» экспрессивті бірліктерінің ауыспалы мағынада теңеу ретінде пайда болған бастапқы кездерін тілдегі хаос (яғни, флуктуация) ретінде қарастыруға болады. Бұл тілдің динамикалық табиғатын, оның үнемі өзгеріп, жаңарып отыратынын көрсетеді. Синергетикалық тұрғыдан, дәл осы «хаос» элементтері (флуктуациялар) тілдің дамуы мен жаңаруына, оның экспрессивті мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай туғызған. Хаос арқылы жаңа тәртіп қалыптасады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

ИРН АР 23489363 «Цифрлық технология: қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын пәнаралық консолидациялау және интеграциялық оқытуды синергетикалық модельдеудің web-платформасы» атты тақырыптағы жоба аясында жарияланды

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. Б.С. Жонкешов – мақаланың кіріспесі мен негізгі тұжырымдамасын әзірледі, зерттеу материалдарын жинақтады, әдебиет көздеріне шолу жасай отырып, нәтижелерді өңдеуге үлес қосты. Е.С. Қасен – аннотация жазу, теориялық шолуға қажетті материалдарды жинақтап, нәтижелерді талқылауға қатысты.

Әдебиеттер тізімі

Брейден, Г. (2017). Божественная матрица. Москва: София.

Дилтс, Р. (2019). Фокусы языка. Изменение убеждений с помощью НЛП. Санкт-Петербург: Питер-Трейд.

Князева, Е. Н., & Курдюмов, С. П. (1993). Синергетика: начало нелинейного мышления. Москва: Издательство МГУ.

-
- Лукьянова, Н. (1979). О семантике и типах экспрессивных лексических единиц. Семантика. Актуальные проблемы лексикологии и словообразования, 12-46.
- Малинецкий, Г. (1996). Нелинейная динамика – ключ к теоретической истории. *Общественные науки и современность*, 96-114.
- Падучева, Е. (1995). В.В. Виноградов и наука о языке художественной прозы. *Известия РАН. Серия литературы и языка*, 38-49.
- Пиотровский, Р. (1995). Порядок и хаос в словообразовании. *Научно-техническая информация*, 31-33.
- Пиотровский, Р. (1996). О лингвистической синергетике. *Научно-техническая информация*, 1-17.
- Пиотровский, Р. (2003). Задачи лингвистической синергетики. *Актуальные проблемы компьютерной лингвистики и оптимизация преподавания иностранных языков*, 3-8.
- Пиотровский, Р. (2005). *Синергетика текста*. Минск: МГЛУ.
- Пиотровский, Р. (2006). *Лингвистическая синергетика: исходные положения, первые результаты, перспективы*. Санкт-Петербург: Филологический факультет Санкт-Петербургского государственного университета.
- Понтон, Д., & Ларина, Т. В. (2017). Дискурс-анализ в 21 веке: Теория и практика (II). *Russian Journal of Linguistics*, 7-21.
- Прядеин, В. (2011). *Избранные труды*. Екатеринбург: УрФУ.
- Сәдуақасұлы, Ж., & Махамбетова, А. (2018). Қазақ тіл білімінде лепті сөйлемдердің зерттелу жайы. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы*, 122(1), 138–142. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-122-1-138-142>
- Современная западная философия: словарь. (1998). Москва: ТОН - Остожье.
- Современный словарь иностранных слов. (2001). Москва: Русский язык.
- Liu, T., Wang, Y., Wang, Z. et al. Exploring cognitive effort and divergent thinking in metaphor translation using eye-tracking and EEG technology. *Sci Rep* **15**, 18177 (2025). <https://doi.org/10.1038/s41598-025-03248-5>

Б.С. Жонкешов¹, Е.С. Касен²

¹ *Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан*

² *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

Интеграционные процессы в науке: роль теории синергетики в возникновении экспрессивных слов

Аннотация. В данной статье представлен обзор феномена интеграции в науке, рассматриваемого в качестве теоретической основы для решения актуальных проблем языкознания. Опираясь на труды исследователей, опубликованные до настоящего времени, авторы стремятся ответить на вопросы: что понимается под понятием «интеграция», какова его роль в формировании эмоционально-экспрессивной лексики, какие модели, порождающие эмоционально-экспрессивное значение, возникли в результате применения теории синергетики. Авторы пытаются доказать, что возникновение эмоционально-экспрессивных слов происходит в результате интеграции нескольких дисциплин, а именно: фонетики и семантики, морфологии и эмоции, образности и оценки. Кроме того, давая определения понятиям синергетики (бифуркация, флуктуация, аттрактор,

хаос), предлагается рассматривать хаос как самоорганизующуюся систему, создающую экспрессивные значения и экспрессивные структуры. На конкретных примерах из казахского языка авторы пытаются продемонстрировать, что современные эмоционально-экспрессивные единицы когда-то представляли собой хаотическое состояние, со временем трансформировались из хаоса в аттракторы и в результате в языке сформировались устойчивые эмоционально-экспрессивные модели. Статья предназначена магистрантам и докторантам, интересующимся лингвистикой, литературой, психологией, философией, когнитологией и другими научными областями, а также исследователям, проводящим работы в этих сферах.

Ключевые слова: эмоция, экспрессивные слова, интеграция, синергетика, хаос, флуктуация, метафора и др.

B.S. Zhonkeshov¹, Y.S. Kasen²

¹ *Kazakh National Agrarian Research University, Almaty,*

² *Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

Integration processes in science: the role of the theory of synergetics in the emergence of expressive words

Abstract. This article provides an overview of the phenomenon of integration in science, considered as a theoretical basis for solving current problems of linguistics. Based on the works of researchers published so far, the authors seek to answer the following questions: what is meant by the concept of «integration», what is its role in the formation of emotionally expressive vocabulary, and what models generating emotionally expressive meaning arose as a result of the application of the theory of synergetics. The authors try to prove that the emergence of emotionally expressive words occurs as a result of the integration of several disciplines, namely phonetics and semantics, morphology and emotion, imagery and evaluation. In addition, defining the concepts of synergetics (bifurcation, fluctuation, attractor, chaos), it is proposed to consider chaos as a self-organizing system that creates expressive meanings and expressive structures. Using specific examples from the Kazakh language, the authors try to demonstrate that modern emotional-expressive units once represented a chaotic state, eventually transformed from chaos into attractors, and as a result, stable emotional-expressive models were formed in the language. The article is intended for undergraduates and doctoral students interested in linguistics, literature, psychology, philosophy, cognitive science and other scientific fields, as well as researchers working in these fields.

Keywords: emotion, expressive words, integration, synergetics, chaos, fluctuation, metaphor, etc.

References

- Breiden, G. (2017). *Bozhestvennaya matrica* [The Divine Matrix]. Moscow: Sofia. [in Russian]
- Dilts, R. (2019). *Fokusy yazyka. Izmenenie ubezhdenij s pomoshch'yu NLP* [The tricks of language. Changing Beliefs through NLP]. St. Petersburg: Piter-Trejd. [in Russian]
- Knyazeva E.N., & Kurdyumov S.P. (1993). *Sinergetika: nachalo nelinejnogo myshleniya* [Synergetics: the beginning of nonlinear thinking]. Moscow: Publishing House of Moscow State University. [in Russian]

Luk'yanova N.A. (1979). O semantike i tipah ekspressivnyh leksicheskikh edinic. Semantika [Semantics and types of expressive lexical units. II. Semantic]. Current problems of lexicology and word formation, 12-46. [in Russian]

Malineckij G.G. (1996). Nelinejnaya dinamika – klyuch k teoreticheskoj istorii [Nonlinear dynamics – the key to theoretical history]. Social Sciences and modernity, 96–114. [in Russian]

Paducheva E.V. (1995). V.V. Vinogradov i nauka o yazyke hudozhestvennoj prozy [V.V. Vinogradov and the science of the language of artistic prose]. Izvestiya RAS. Literature and Language Series, 38-49. [in Russian]

Piotrovskij R.G. (1995). Poryadok i haos v slovoobrazovanii [Order and chaos in word formation]. Scientific and technical information, 31-33. [in Russian]

Piotrovskij R.G. (1996). O lingvisticheskoy sinergetike [On linguistic synergetics]. Scientific and technical information, 1-17. [in Russian]

Piotrovskij R.G. (2003). Zadachi lingvisticheskoy sinergetiki [The tasks of linguistic synergetics]. Actual problems of computational linguistics and optimization of teaching foreign languages, 3-8. [in Russian]

Piotrovskij R.G. (2005). Sinergetika teksta [Text synergetics]. Minsk: Minsk State Linguistic Institute. [in Russian]

Piotrovskij R.G. (2006). Lingvisticheskaya sinergetika: iskhodnye polozheniya, pervye rezul'taty, perspektivy [Linguistic synergetics: initial positions, first results, prospects]. St. Petersburg: Faculty of Philology, St. Petersburg State University. [in Russian]

Ponton D., & Larina T.V. (2017). Diskurs-analiz v 21 veke: Teoriya i praktika (II) [Discourse analysis in the 21st Century: Theory and Practice (II)]. Russian Journal of Linguistics, 7-21. [in Russian]

Pryadein V.S. (2011). Izbrannye Trudy [Selected works]. Ekaterinburg: Ural Federal Institute. [in Russian]

Saduakasuly Zh., & Makhambetova A. (2018). The study of exclamatory sentences of the kazakh language. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series*, 122(1), 138–142. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-122-1-138-142>

Sovremennaya zapadnaya filosofiya: slovar' [Modern Western philosophy: dictionary]. (1998). Moscow: TON – Ostozh'e. [in Russian]

Sovremennyy slovar' inostrannykh slov [Modern dictionary of foreign words]. (2001). Moscow: Russian language. [in Russian]

Liu, T., Wang, Y., Wang, Z. *et al.* Exploring cognitive effort and divergent thinking in metaphor translation using eye-tracking and EEG technology. *Sci Rep* **15**, 18177 (2025). <https://doi.org/10.1038/s41598-025-03248-5>

Авторлар туралы мәлімет:

Жонкешов Бауыржан Сейсенбекұлы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: zhon_bs79@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7391-3175>

Қасен Ерлан Слямбекұлы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: Kasenov_erlan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-3448-3594>

Jonkeshov Bauyrzhan Seisenbekuly – Candidate of Philology, Acting Associate Professor, Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: zhon_bs79@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7391-3175>.

Kasen Yerlan Slyambekuly – Candidate of Philology, Acting Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: Kasenov_erlan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-3448-3594>.

Жонкешов Бауыржан Сейсенбекулы – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора, Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан. E-mail: zhon_bs79@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7391-3175>

Касен Ерлан Слямбекулы – кандидат филологических наук, исполняющий обязанности ассоциированного профессора, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан. E-mail: Kasenov_erlan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-3448-3594>



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).